



## БҰЙРЫҚ

2023 ж 21 тамыз

Нұра көгі

## ПРИКАЗ

№ 344

көлемі Нұра

Нұра ауданының  
жалпы білім беру ұйымдарының  
оқушыларын ыстық тамақпен  
қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысының білім басқармасының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 411 бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұра ауданының жалпы білім беру ұйымдарына:

1. 2023 жылғы 4 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім

алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын:

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.

3. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, 2023 жылдың 16 тамызында бекітілген перспективті мәзір 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11-сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.


4. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан 5-11-сыныптардың білім алушылары қосымшаға сәйкес тамақтансын.

№	Мектеп атауы	Тамақтандырылатын бала саны	Берілетін тамақ түрі
1.	Ш.Уалиханов атындағы ЖББМ	18	Ыстық
2.	М.Жұмабаев атындағы ЖББМ	11	Ыстық
3.	Ы.Алтынсарин атындағы ТМ (РО)	40	Ыстық
4.	М.Сүлейменов атындағы ТМ (РО)	6	Ыстық
5.	Р.Асубаев атындағы ЖББМ	12	Ыстық
6.	Жараспай ЖББМ	16	Ыстық

2.2 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ережесіне сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Г.С.Ахметоваға жүктелсін.



А.Есмаганбетов

Орын: Ахметова Г.  
79037